



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

# Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

## ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

# Рахымжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

## АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтінің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

*Редакциялық алқа:*

*Бас редактор - Бекет Қарашин;*

*Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;*

*аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;*

*Құрастырушы - Бекет Қарашин*

*Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых*

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

*Редакционная коллегия:*

*Главный редактор - Бекет Карашин,*

*Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)*

*Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;*

*составитель – Б. Карашин,*

*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*





Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

#### **Шығармашылығы:**

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

## РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

#### **Творчество:**

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

**Атақтары:**

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

**Награды и звания:**

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





## АЛТЫН БАЛЫҚ

Сол күні Жайық өзенінен алтын балық ұстаймын деп ойлап па?

Боранбек ала таңмен тор-құралын қамдаған. Қайқыбас ағаш қайығын баптаған. Дырылдақ моторын сайлаған. Асығатын реті...

Өткен жолғы сапары сәтсіз болған. Қайырсыз болмай қайтсін. Үйінен шықпай жатып әйелі Кәмеш шаң-шұң ұрыс салған. Сойқанатын да жөні бар.

- Судың құртын сүзген қайыршыға тиіп... Қор болу деген осы. Ішсең – тамағыңа, кисең – киіміңе жетпейді. Жұрттың торына құрығанда көксерке ілінеді. Бұл болса бақа-шаян теріп келеді, - деп төсегінен тұра сөз өргізген.

Түнімен жұптап, жаттап алған-ау шамасы. Сыңар үзім нан мен бір шынаяқ қара шайды тарс еткізіп алдына қоя салды.

## ЗОЛОТАЯ РЫБКА

Мог ли он подумать в тот день, что в реке Урал поймает золотую рыбку?!

Буранбек рано утром приготовил свои нехитрые снасти. Осмотрел деревянную лодчонку с загнутым носом. Опробовал её дребезжавший мотор. Причина спешки была...

В прошлый раз рыбалка получилась неудачной. А иначе ведь и быть не могло. Не успел выйти из дома, как жена его Камеш подняла хай-вай. И нельзя сказать, что это было уместно.

– Угроздило же выйти замуж за нищего удильщика водяной твари... Вот, что значит быть несчастной. Ни толком поесть, ни приодеться. Людям, на худой конец, в сеть судак попадается. Он же только раков и лягушек умеет ловить, – завелась она, не успев встать с постели.

Всю ночь, наверное, речь готовила. На завтрак демонстративно поставила перед ним кусок хлеба с чашкой черного чая.

Жүзіне үңілген. Қан-сөлсіз қаншардай қатып алыпты. Алдына құлай берген сыңар өрім сұйық шашын «қараң қалғырлап» арқасына қайта-қайта лақтырып, қаралай ұрыс шақырып тұр.

- Иә, әкең ақтылы қойын айдап көше алмай жүрген...

- Әкең дейд?! Басқан ізінен садаға кет. Ойбай, шірік! Аузың қисайып қалар.

Қаладағы ұл мен қызың оқуының ақшасын төлей алмай міне, міне шығып қалайын деп отыр. Өртенгірдің үйінде қамсау бар ма?

Қыстай отынның зарын тарттық. Ала жаздай аққа жарымадық. Жұрттың өзіндей еркегі үй-ішіне қара уылдырық жегізіп, кекірігін аздырып отыр. Сенің жүрісің мынау. Ертенді-кеш дырылдатып қу ағашты қуалап.

Жаттап алғаны рас екен. Ұйқасы қандай! Балта шапсаң бұзылмас...

Ойын балдырға қақалып, дырылдаған мотор даусы үзді. Әйелі түскірдің кесірі тимей жүре ме? Сүйегін қыздырған сөзін ежіктеп отырып тайызға шығып кеткенін аңдамапты.

Моторын өшіріп, қалағына байланған балдырды аршыды. Таяумен қақпайлап қайығын тереңге салды. Өзеннің екі жағалауы тал-терекке малынып тұр.

Күн ұясына симай күйіп-пісіп бір құлағын көтерген. Сол-ақ екен майда толқындар қызғылтсары моншақ тағынып, мақтанып сала берді.

Боранбек алысқа шаппай-ақ оң жағалауға таяп келді де торын суға төккен. Екі ұшындағы қазықты ағыс жұлып әкетпестей етіп қайраңға нығарлап сіңірген.

- Су иесі Сүлеймен, сенен балық тілеймін!

Жарқыншақ даусы өзен бойын қуалап алысқа сіңді. Әкесінен қалған ләм еді. Бар ғұмыры колхоздың баркас қайығы мен кемесінің үстінде өткен.



Поглядел на неё. Бескровная, сухопарая словно готовая к скачкам. И ведет себя вызывающе, отбрасывая, падающую вперед треклятую жиденькую косу, то и дело за спину.

– Да, можно подумать, что отец твой перегонял свои бесчисленные отары...

– Отец, говоришь?! Да ты его мизинца стоишь! Ой, дрянь ты эдакая! Смотри, кабы рот не перекосило.

В городе дочь твоя и сын за учебу оплатить не могут – вот-вот, глядишь, отчислят. Чтоб тебе стгореть, когда-нибудь будет в доме достаток?

Всю зиму мучились – нечем печь топить. За лето молока вдоволь не видели. Чужие мужья семью свою вдосталь черной икрой кормят. А ты как неприкаянный. Громыхаешь с утра до ночи на деревянном корыте.

И, вправду, подготовилась. Смотри, как вяжет. Топором не разрубишь...

С мысли его сбил зачихавший, от набившейся тины, мотор. Да, разве бабская вредность к добру приведет? Пока припоминал, задевские его за живое слова, не заметил как наскочил на мель.

Заглушив мотор, стал освобождать винт. Упираясь шестом, вытолкал лодку в глубокое русло. Оба берега реки заросли тальником и тугаями.

Солнце, не вместившись в свое гнездо, распалаясь, высунуло одно ухо. Будто того и ожидавшая рябь воды вмиг принарядилась и засияла ало-золотистыми бусами.

Не заплывая далеко, Буранбек приблизился к правому берегу и забросил свою сеть в воду. Заостренные жерди на двух её концах поглубже погрузил в грунт, чтобы не унесло течением.

– О, властелин вод Сулейман, прошу у тебя богато-того улова!

Эхо слов отдалось вдоль реки и потонуло в глубине её. Заклинание он перенял от отца, жизнь которого прошла на рыбацких колхозных лодках и баркасах. Доля истинного рыбака всегда лежит под водой.



Кәнігі балықшының несібесі кашанда су астында. Каспийдің аспа-түспе толқындарымен жағаласатын да жататын. Шақырымға созылған аудың бір қанатын ертеңмен теңізге жайып, алыстан орағыта қайырады.

Түс ауа қаз-қатар тұра қалып, табан тіресіп тартысып тапқан олжасын жағаға шығаратын. Шоршып ойнаған ірілі-ұсақты балықты қабылдау пунктіне өткізер. Хаттап-шоттар.

Сонан соң барып бел жазар. Сонан соң барып бақыршы бала асқан бел кеспе мен бал татыған сорпаға бас қояр.

Әкесінің балық жеуінің өзі өнер-тін. Тұтас бір кеспесін ауызға тоғытып жіберіп, тілмен екі орап сүйегін тізіп бір ездуден төгетін де отыратын.

Бірінде шешесі осы әдіске салам деп... көксеркенің қылтанағы тамағына қадалыпты. Не әрі кетпейді, не бері шықпайды. Сорпа құйып ішті. Шықшыттап нан жеді. Одан сайын бебеулетіп әкетіп барады.

Сол тұста жанында отырған әкесі атам заманғы ескі тәсілге салсын. Көгеріп-сазарып отырған шешесін жұдырықпен көк желкеден қонжитсын.

Соққының қаттылығы сондай, шешесінің аузындағы алмалы-салмалы тісі екі жаққа ұшсын.

- Қылтанақ кетті ме, қылтанақ, - дейді әкесі жай-барақат отырған орнынан домалап, екі-үш аунап түскен шешесі:

- Өй, оңбаған! Өлтіре алмай жүрсің бе?! – деп сақауланып оқтауға жармасқан.

Қайығын жағаға жағып, өзі тал көлеңкелеген. өткен дәуреннің қашаған елесін қуалап отырып аңдамапты. Күн тырмысып төбеге жетіп қалған екен.

Тамағынан талшық өтпеген. Сазып өзегі талды. Тым құрыса қазандық балық түссе деген дәмемен



Он только и знал, что боролся с буйными волнами Каспия. Спозаранок, расправив невод на километровой водной глади, заворачивал бывало издалека его обратно.

В полдень ватага, встав гуськом друг за другом, тянула свою добычу на берег, упираясь ногами в дно. Скачащую крупную и мелкую рыбу сдавали в пункт приема. Подсчитывал, записывал.

И лишь после того расправлял спину, переключал внимание на приготовленную молодым поваром, длинную лапшу, с удивительно медовым вкусом бульона.

Само по себе искусством было то, как отец ел рыбу. Погружал бывало кусок в рот, каким-то образом проворачивал его пару раз языком, и ссыпал из угла рта, словно шелуху от семечек, одни косточки.

Однажды мать тоже попыталась повторить его способ... Однако подавилась и косточка судака застряла в горле. Ни туда, ни обратно. Бульоном запивала. Хлеб черствый глотала. Только боль разбередила.

И тогда отец использовал старый дедовский прием. Бледную, зеленеющую мать, хватил кулаком по зашее.

Удар оказался настолько сильным, что её зубные протезы разлетелись в две противоположные стороны.

– Как, вылетела рыба к косточка? – спрашивал он спокойно. Мать, перевернувшись два раза с боку на бок, хватаясь за скалку, кричала неистовым голосом:

– Ох, ненормальный! Убить захотел?!

Пристроив свою лодку к берегу, присел в тени тальника. В плену видений прошлого незаметно пробежало время. Солнце вскарабкалось уже на самый верх.

Во рту еще не побывало ни зернышка. Под ложечкой посасывало. На крайний случай поймать бы



тор құрған тұсқа қарағыштаған.

Кенет тордың орта тұсына байланған қалтқының қалшыл қағып қоя бергені. Жәй қалшыл емес, су беті қазандай қайнап, бұрқ-сарқ етіп ала жөнелді.

Қайығына тұра жүгірген. Бекіре – жуас балық. Тор көзіне тұмсығы ілінсе бітті, мінез көрсетпей момақан қалпы тұра береді. Сазан да момын. Асылы, алып шортан шығар. Әлде жалмауыз жайын ба? Не де болса қанды басын бері тарт.

Тор көзіне ілінген сынық сүйем алтын балықты көргенде Боранбек қолынан таяуын түсіріп алды. Тілі байланып, талмаурай берген. Атжақты ақшыл өңі қуқыл тартқан.

Сасып кеңірдегін қасып, телпегін шекесіне ысырған. Алақтап айдалаға қараған. Көз алдын мұнар кептеген-ау. Аспан мен ақ айдынның арасы табысып кетіпті.

- Боранбек, есіңді жи. Тілегіңді айт. Арманыңды алақаныңа салып берейін. Тек босат мені.

Алтын балықтың ашылып-жабылған шөкімдей аузынан мынандай сөз шығар ма? Су перісі деп ойлаған. Қазір ақыл-есін аударып, аузын қисайтады да тұңғыыққа тарта жөнеледі. Құтылып көр!

- Қорықпа. Зияным жоқ!

Ойын оқып алыпты. Десе де мына сөз дәтке қуат шақырды. Ептеп еңкейіп тор көзіне үңілген. Желбезектен ілінген екен. Құйрығын баяу қағып, тынши қалыпты. Күн сәулесі ойнаған. Айналасындағы су тортасын айырған сары майдай балқиды.

- Сөйле, Боранбек! Сосын жібер еркіме. Мүсәпір етпе!

- Кәмешпен ақылдасайын. Мұрсат бер...

на один казанок, думал он, поглядывая на то место, куда поставил сеть.

Неожиданно, поплавок, привязанный к середине, дернулся раз, другой и запрыгал. И не просто запрыгал, а заплясал. Вода вокруг вскипела, забурлила и запенилась.

Стремглав он бросился к лодке. Осетр – рыба, вообще-то, смиренная. Стоит носом ей уткнуться в ячейку сети, сразу стихает и не проявляет норова. Сазан тоже, можно сказать, тихоня. Самая буйная, пожалуй, взрослая щука. Или, всё-таки, прожорливый сом? Что бы там ни было, давай хищник, полезай в кузов.

Когда Буранбек увидел маленькую, размером в четверть пяди, запутавшуюся в ячее сети, золотую рыбку, выронил шест из рук. Язык его вдруг онемел, и весь он как-то обмяк. Светлое скуластое лицо посерело.

Расстерявшись, непроизвольно почесал кадык и сдвинул кепку на затылок. Испуганно озираясь, посмотрел вокруг. Перед глазами какая-то туманная поволока. Небо и зеркальная гладь воды слились в единое целое.

– Буран-б-е-к, оч-нись. Говори свое желание. Мечту твою в ладонь тебе положу. Только отпусти.

Где это видано, чтоб такой малюсенький рот проносил такие слова? Явно водяная фея, смекнул он. Сейчас она его с ума сведет, исказит лицо до неузнаваемости и утащит за собой в пучину. Попробуй, освободись!

– Не пугайся. Безвредная я!

Мысли его читает. Всё-таки силы после этих слов стали понемногу возвращаться. Осторожно наклонился к ячее сети. Зацепилась жаберками. Хвостиком водит вяло, видно, успокоилась. Чешуя в солнечных лучах посверкивает. Вода вокруг переливается словно топленое сливочное масло.

– Молви свое слово, Буранбек! А затем, дай мне волю. Смилуйся!

– Надо бы с Камеш посоветоваться. Малость потерпи...





«Әйелдің ақылы аузында жүреді», - дейтін әкесі. Оқымаған ескілікті кісі ғой. Қызық-қызық қылықтың иесі еді, жарықтық.

Баркас қайықтан құтылып, кемемен теңізге шыққан кез екен. Солған ауларына қыдыр дарып, дембіл-дембіл мол олжаға кенеліпті. Жоспарды асыра орындапты. Сөйтіп бригада ауыспалы қызыл туды жеңіп алмай ма? Бәйге басына байланған бір етек ақша ал табаныңды қыздырмай көрсін. Бірақ су жайлаған балықшы адым оздырып қыр аспас.

Теңіз жағасына тақау жүзіп кеп бақыршы баланы дырылдақ моторлы қайыққа отырғызады. Іргедегі ауылдың дүкеніне қайта-қайта шаптырады. Төменгі каютада той дастарханы жайылады. Бата жүрмес көкмойнақтар қаздай тізіледі.

Аумен тартыса-тартыса қайыстай қатып қалған өңшең балықшы арқаны кеңге салып мейманасы тасиды. Күлкі кернейді. Өзіл ұшады. Өн әуелейді. «Жайықтан бір қыз көрдім...» деп жамырап кеп кеткенде бауырын суға төсеген кеме толқын ұрмай-ақ тербеліп қоя береді.

Сүрініп, сүре мас болған шақта палуба жақтан сатыр-сұтыр дыбыс шыққан. Бірте-бірте каюта іші қызған. Бара-бара ыстық леп бет шарпыған. Сонда бригадир тұрып:

-Бұл не пәле? Мамамызды алып бітті. Жоғары көтеріліп біліп кел, - деп әкесін жұмсапты. Шатқаяқтап оралған әкесі:

- Ай, жаман, жағдай жаман! – дейтін көрінеді. – Давай, қашайық!

Ол кездегі кемең асты темір де үсті ағаштан жасалатын. Бақса желкенге тиген от айналаны түгел шарпып, лаулап жанып жатыр екен. Бәрі бірдей бақырып суға секіріпті. Жағаға жаншықтылап жетіпті. Кейін әкесінің әлгі сөзі ел ішінде қырғын күлкі боп тараған...



«Женский ум... он на языке крутится», – говаривал отец. Старого склада и необразованным был человеком. Светлая ему память, забавными ухватками обладал.

В то время баркас он свой бросил и стал выходить в море на рыбацком судне. Видимо, сам святой Хызыр покровительствовал: улов был отменным. План выполняли сверх нормы. Разумеется, бригада удостоилась переходящего Красного Знамени. К тому же, победителям социалистического соревнования полагался целый фартук денег в придачу – попробуй, сдержись. Меж тем, как повелось, рыбак, привыкший к воде, не станет ходить в гору...

Причалили к берегу, снарядили пацана-поваренка на лодке с тархтящим мотором. Слали гонца снова и снова в ближайший поселковый магазин. Развернули праздничный дастархан в каюте. Разложили в ряд, не нуждающуюся в славе, осетрину и севрюгу.

Рыбаки загорелые и поджарые, от постоянного тягания сетей, похваляются друг перед другом, забыв про дневные заботы. Вырываются шутки. Разбирает смех. Парит песня. И когда задушевно затягивают: «Я встретил красу свою на светлом Урале...», – то стоящее на тихой воде судно начало качаться и без волн.

Когда уже основательно набрались, на полубе возник загадочный треск. Постепенно в каюте становилось невыносимо жарко. Дальше-больше, стало обжигать лицо. Тогда бригадир встал и попросил отца:

– Что за ерунда такая? Терпеть нет сил. Поднимись, узнай в чем там дело? Возвратившийся чушь ли не на карачках отец, громко возвестил всем сидящим:

– Ай, джаман, дело джаман! Давай, бежать будем, братцы!

В то время днище судна делали железным, а верх – деревянным. Огонь, слизнув паруса, охватил корму и быстро распространялся по всей палубе. Забили тревогу, с криками и бранью попрыгали в воду. И едва живы добрались до берега. Впоследствии слова отца стали крылатыми и еще долго вызывали смех окружающих...



- Әй, Кәмеш балық ұстадым. Алтын балық! – деп Боранбек табалдырықтан сүрініп барып, белін тіктеген. – Кәдімгі...

Қан-сөлсіз қаншардай қатқан келіншектің жүзі көкбілеуленіп сала берді.

– Қайыршы, енді жетпегені алжуың еді. Көрінбе көзіме!

- Ойбай-ау, сөйлейтін балық. Арманыңды алақаныңа салып берейін деп тұр. Алдына құлай берген сыңар өрім сұйық шашын «қараң қалғырлап» арқасына қайта-қайта лақтырып қаралай ұрыс шақырды.

- Жөніңе өлсеңші!

- Әй, Кәмеш, - деді осы кезде Боранбектің қос уысын толтырып тұрған алтын балық тіл қатып. – Айт, арзуыңды! Ал, қалағаныңды!

- Не дейд?

- Айттым ғой...

- Босат сосын. Кетейін Жайығыма.

- Көтек, мынау әлгі кинодан көріп жүрген Африканың балығы болмасын, - деп Кәмеш жүзін жұмсартты. Сұрашы өзінен.

- Африкасы күрсын. Қазақша сөйлеп тұр ғой.

Боранбек күлмең қағып, бас бармағымен кеңірдегін қасып, телпегін шекесіне ысырды. – Міне, қарашы өзің.

Қос уысын ұлудың қабығындай жаймен ашқан. Қараша үйдің ішіне тартасын айырған сары майдай алтын нұр төгіліп жүре берді. Атжақты ақшыл өңі куқыл тартқан Боранбек қызылшырайланды. Қан-сөлсіз қаншардай қатқан келіншектің жүзіне жоғалып кеткен күлкі ұялады. Көзінде беймәлім жылтыл оянды.

- Шаршадың ғой. Шәй қояйын.

– Әй, Камеш, рыбу поймал. Золотую рыбу! – споткнувшись о порог и чуть не распластавшись, кричал Буранбек. – В самом деле...

Лицо, бескровной, сухопарой словно готовой к скачкам, молодухи позеленело.

– Несчастный, тебе только рехнуться осталось. Сгинь с глаз моих!

– Ох и дура! Ты посмотри! Говорящая рыба. Исполнит любую твою прихоть. Отбрасывая, падающую вперед треклятую жиденскую косу, то и дело за спину, она вышла из себя окончательно.

– Сдох бы ты лучше, по-человечески!

– Әй, Камеш, – подала в этот момент голос золотая рыбка, наполняя собой пригоршню Буранбека. – Назови сокровенное свое желание! Возьми, что тебе нравится!

– Что это она говорит?

– А я тебе что...

– Потом отпусти. Вернусь я в свой вольный Урал.

– Едит твою, лишь бы она не оказалась той рыбой из Амазонки, которую по телевизору показывают, – сказала, но уже подобрев, Камеш. Уточника-ка ты у неё.

– Сдалась тебе эта Африка. Не вишь, по-казахски разговаривает.

Буранбек, ухмыльнувшись, почесал большим пальцем кадык и сдвинул кепку на затылок. – Вот, смотри сама.

Он медленно, как створки ракушки, раскрыл ладони. И черновая лачуга наполнилась золотистым, словно топленое сливочное масло, светом. Скуластое сероватое лицо Буранбека порозовело. К бескровной сухопарой молодухе вернулась давно потерянная улыбка. В глазах её пробудился загадочный огонек.

– Устал поди. Пойду-ка я чай поставлю.



-Таста бәрін. Жүгір тез. Аквариум тауып әкел.

-Мысықты байла! – деген Кәмеш базарға борбайлап бара жатып. – Жалмауыз жеп қояр. Масқара болармыз.

Келе сөре ақтарған. Таппады. Дүкен кезген. Дүңгіршек түгендеген.

Тіпті бірер құрдасы: - Байың Жайықтың балығын таусып, енді аквариумға қармақ салғалы жүр ме? - Балмұздақ сатпай кеттің. Балалар аңсап жүр, - деп қағытқан.

Иә, жоқтық не істетпейді. Кәмеш өткен жаз тоназытқышта сүт қатырып, қолдан балмұздақ жасаған. Қанты аз, кілегейі кем болды ма, қол басындай неме көкаязданып шыға келеді.

Шетінен балғамен шағып отырып жемесең тіс батпас. Тіл жүгіртіп жалап-жұқтаған баланың тамағын суық қармапты. Әке-шешесі шу шығарсын.

Арнайы рұқсат қағазың жоқ деп ауыл әкімі сүрең салсын. Ақыры өзі қашып құтылғандай болған.

Ақыры жоғын ауыл шетіндегі күресіннен тауып әкелген. Іші-сыртын топырақпен ысқылап, ақ көбік ғып жуып үй ортасына қадірлеп қойған. Мелмендетіп су толтырған. Алтын балықты аялап жіберген. Астына балдыр төсеп аузына үгіп нан тосқан.

- Үш тілек айтындар. Орындаймын, - деді алтын балық шөкімдей аузын ашып-жауып. – Сосын жібер Жайыққа.

- Университеттегі ұл мен қыздың оқу ақшасын төле, - деді Кәмеш күйеуінің алдын орап. – Қараң қалғыр, мұғалімдері аузын ашса ақша дәметіп, зығыр етті.

- Құп!

- Мені осы ауылға әкім қой.



– Бросай всё. Срочно. Аквариум найди.

– Привяжи kota! – бросает Камеш, наспех собравшись и убегая на базар. – Проглот этот сожрет ещё. Сраму не оберёмся.

Прибежала, обшарила базар. Не нашла. Оббежала магазины. Облазила все бутики.

Одна сверстница даже укольнула: – Муж твой всю рыбу в реке вычерпал, теперь решил в аквариум крючок забросить? – Да и ты сама, что-то перестала торговать мороженым. Детишки по нему страшно соскучились.

Да, чего только нужда не заставит делать. Камеш прошлым летом пробовала готовить мороженное сама, заморозив в холодильнике молоко. Но, то ли сахара мало добавила, то ли молоко нежирное – ледяной набалдашник получился величиной с кулак.

Его можно было молотком только откалывать, иначе зубы не берут. Дети, которые долизывали, пытаюсь все съесть, захворали горлом. Родители их шум подняли.

Аульный баскарма стал преследовать, что нет разрешения на бумаге. Пока сам не сбежал от преследований.

Наконец, нужную вещь нашли в мусорной свалке на краю аула. Отскоблили песком, промыли до прозрачности изнутри и снаружи, и установили в центре жилья на видном месте. Наполнили водой почти до краев, бережно запустили золотую рыбку. Постелили бархатистой тины, кормили её хлебными крошками.

- Назовите три желания. Исполню, – молвила золотая рыбка, открывая свой крохотный ротик. – Затем возвратите в Урал.

– Заплати-ка мне за обучение сына и дочки в университете, – выпалила Камеш, опережая мужа. – Будь они неладны эти преподаватели, задержали детей, чуть что, требуют с них деньги.

– Будет сделано!

– Поставь-ка меня главой нашего аула.



- Орның әзір Боранбек. Бар да отыр.

Соңғы тілекке тірелгенде ерлі-зайыптының ортасында бітпес дау өршіді.

- Біржола миллион доллар сұрамай. Балалардың оқу ақшасы деп. Сен қатыннан-ақ көрдім-ау көресіні, - деп ауыл әкімі жұмыстан келе келіншегіне тиіскен.

- Ақылың тасып бара жатса өзің қайда қалдың? Ойбай ауыл әкімі деп. Отыр енді қалаға жете алмай айдалада қаңғып қалған шал-шауқан, қатын-қалашпен жағаласып. Керім екенсің неге дұрыс орынды сұрап алмадың, а?

Қан-сөлсіз қаншардай қатып баяғы қалпына келген Кәмеш өре түрегелді.

- Сенің тұқымың сондай. Ылғи жарымай отыратын. Соғымға бақыртып ешкі соятын. Соны көрген сен қайбір оңайын деп едің?!

- Мынау, не дейд-эй! Күні кешегі судың құртын сүзген қайыршы. Мыжырайған телпегінді тастап қоқырайтып қалпақ кигенге жетіскен екенсің. Есігіндегі күлді төріңе шашайын.

- Інің астына машина мініп алыпты. Қай ақшасына алды? Мен қызметте отырғанда жыбырлап тағы бірдеңе сұрап жүрген шығарсыңдар?

Боранбектің талағының не себепті тарс айырылғанын енді аңдаған Кәмеш айтарға сөз таппай қолына ілінген кебісті жіберіп кеп қалсын.

- Өй, атаңа нәлет! Мә, ендеше!

Ауыл әкімі тұра ұмтылғанымен жұдырық жұсмайды. Екеуі де үй ортасында тұрған аквариумды құлатып аламыз ба деген қауіппен бір-бірін абайлап қуысты. Шаштан тартып қашып, тырнақ батырысып қана төбелесіп кетті.

- Ақырғы тілектеріңді айтыңдар. Уақытым жоқ, - деді. Алтын балық ащы тер көзге құйылып еңтік-

- Место твое готово, Буранбек. Иди, да садись на своё кресло.

Когда дошла очередь до последнего желания между мужем и женой разгорелся нешуточный спор.

- Не могла попросить сразу миллион долларов?! Детям на учебу, видите ли! Твоя женская логика меня достала, - начинал аульный глава, задирая жену, не успев появиться с работы.

- А где ты был сам, если такой умный? Ой-ой, хочу быть аульным главой! Не видать теперь тебе города, возись вон с брошенными стариками, да одинокими бабами с детворой. Раз ты такой удалец, чего ж ты тогда нормального места себе не попросил, а?

Камеш, принимая свой прежний бескровный, сухопарый словно готовый к скачкам, образ, расплялась пуще прежнего.

- Да вся порода ваша такая. Вечно прибедряетесь. На зиму единственную козу под нож тащите. Какой с тебя спрос, если с рождения видела только такое?!

- Ты что мелешь, эй! Голь и нищета, не вчера ли только всякую тварь из воды таскал. Поменял замызганную кепку на торчащий колпак и доволен?! Спихватишься, когда вынесу сор из избы и по ветру развею.

- Вот, слышал, брат твой машину купил. На какие шиши спрашивается? Пользуясь моим положением, может, еще что-нибудь себе притовариваете?

Наконец, уразумев, отчего так разошелся Буранбек, и не найдя нужных слов, Камеш запустила в него подвернувшийся под руку ботинок.

- Эх, скудоумка, мать твою! Получай на сдачу!

Глава аула ринулся было вперед, но кулаки не применил. Опасаясь уронить аквариум, стоявший посреди жилья, напали друг на друга осторожно: то за косу дёргали, то носки в ход пускали.

- Попросите ваше последнее желание. Время идет, - умоляла золотая рыбка в ту минуту, когда



кен сәттерінде.

- Ендеше тыңда мені!

- Кәмеш-ау, сабыр сақташы, - деп Боранбек ысылай қапқан айыбын қолма-қол мойындап жуасыған.

- Сақтамаймын! Бір миллион доллар берсін.

- Ол деген Атыраудағы төрт кабырғасы қалқайған үйдің бағасы ғой. Одан да ауданның әкімін алып берсін, әкімін!

- Ал?

- Билігі қолда, тендері жолда емес пе? Тымық күнде ысқырғаныңның өзі бір қап жасыл қағаз ғой. Естіп-біліп жүрміз.

- Шаршадың ғой. Шәй қояйын.  
Қан-сөлсіз қаншардай қатқан Кәмештің жүзі жылып сала берген...

Аудан әкімі де жоғары жаққа жауаң көз неме екен. Асағалы жатқаныңның жартысын әлдекімнің аузына тоса қоясың.

Жеке қожалық иелері бас-басына би болып алған. Қарашыл түйедей қыңырайып айтқанын жүре тындайды.

Бұлтиып бүйірің қайдан шыға қойсын. Десе де, жалап-жұқтап жүріп-ақ қойны-қонышына біраз дүниені тықпыштаған. Атжақты ақшыл өңіне қызылшырай теуіп, қозы қарын біткен. Онысы кіндікке байлап қойған торсықтай ебедейсіздеу көрінетінін қайтерсің.

Қан-сөлсіз әйелдің қоң жамап оңалғаны да бір түрлі қызық. Жүзі көкбілеуленіп, тамағының астына уыс толар әуке түсіп кетті.

Өзі әп, дегенде індікеш бір дүкен ашып алған.

- Құрсын, бақалшы құсап қашанғы тұрам. Менің

запыхавшись, они стирали соленый пот, заливавший глаза.

– Если на то пошло, слушай меня!

– Камешунечка, давай не будем рубить сплеча, – стал заискивать Буранбек, осознавая, что с женой шутки плохи.

– Ещё как будем! Пусть даст один миллион долларов.

– Так это всего лишь цена одного коттеджа а Атырау! Лучше пусть меня главой района поставит, района!

- И, что?

– Раз власть в руках, то тендер в кармане, как говорится. Один свист твой в тихую погоду принесет мешок зелененьких. Мы всё слышим и знаем.

– Устал поди. Пойду-ка я чай поставлю. Бескровное лицо, сухопарой словно готовой к скачкам, Камеш снова потеплело в улыбке...

Глава района тоже из тех, кто все время оглядывается наверх. Половину куска, который собирался проглотить сам, угодливо подносит в рот кому-то другому.

Каждый мало-мальский начальничек корчит из себя и барина, и судью. Упрётся, как верблюдо-дромадер и ухом по ходу не водит.

При таком раскладе подкожный запас нелегко дается. Однако, худо-бедно, кое-какое барахлишко удастся припрятать. И по светлому скуластому лицу уже бежит румянец, и к телу прибавляется ягнячье брюшко.

Примечательно и то, как некогда худосочная женщина, набирает вдруг округлые формы. Лицо её лоснится, в полную ладошку выступает второй подбородочек.

И, конечно, не откладывая в долгий ящик, она открывает собственный магазин.

– Осточертело, сколько можно стоять в позе ба-



Кәмеш деген атыма лайық па? Одан да... – деп жүріп ақыры аудан орталығындағы жалғыз базардың иесі атанған.

Ұл мен қыз оқуын шетелде жалғаған. Білімге күпті боп жатырмыз десіпті.

Бір кеште ерлі-зайыпты боп жарасып отырды. Жарасып отырып біраздан бері зер салмай кеткен алтын балықты ортаға алған.

-Жақыннан көрмеген жақсылықты сенен көрдік, - деген Боранбек тоқмейіл қалпы. – Бек ризамыз, Бізге аздап өкпелі де шығарсың... Ел қамы деп жүргенде...

Алтын балық үндемеді.

- Суынды ауыстырайыншы. Лайланып қалыпты. Балдыры түскір де жапырақ-жапырақ боп түтіліп кеткен бе? Ибай, жаным-ай! – деп Кәмеш лып етіп орнынан көтерілген.

– Қой, өйтіп теріс қарама. Біз сенің жатың емеспіз. Шетелден жақында өзіңе арнап үлкен аквариум сатып әкелем. Ішінде асыр сап ойна да жүр, бәлем!

Алтын балық үндемеді.

- Уәдене тұрдың. Сенің арқанда ел қатарына кірдік. Баяғы кез болса бір сәрі. Заман болса ұстараның жүзіндей қалпып тұр. Кімге сенерсің? Болашақта осы облыстың бір тұтқасын ұстайын деп едім... Оның алдында бір мерейтойымды өткізсем дейм. Оған салмақ салмаймын. Шүкірміз ғой. Жеңгеннің де өзіңе айтар бір назы бар сияқты. Соны орындасаң сағынған ақ Жайығына жіберіп, соңыңнан бақ тілеп қалар ек.

Алтын балық үндемеді.

- Ойбай, мынаның шалқаюын, - деп шыдамы таусылған Кәмеш тұтанып кетті. – Қолыма түстің екен айтқаным көнесің, айдағаным жүресің.

- Жәйла дедім. Кісі сөйтеме?



калейщицы! Разве это достойно моего имени? Да лучше б... – негодовала она, и в итоге стала именоваться хозяйкой единственного на весь район базара.

Сын и дочь продолжили обучение за рубежом. Купаемся, сообщали дети, в незамутненном море знаний.

Как-то вечером супружеская пара мило отдыхала и вдруг вспомнила об оставшейся без присмотра золотой рыбке.

– От родственников добра столько не видели как от тебя, – сказал благодушно Буранбек. – Мы весьма довольны. Может быть, ты немножко и обижаешься на нас... Пока мы тут в заботах о благе народном...

Ничего не ответила золотая рыбка.

– Заменяю-ка я тебе воду. Мутная совсем. Водоросли чересчур раскосматились, листочки пустились, что ли? Ах, душенька! – жеманно воскликнула Камеш и проворно соскочила с места.

– Ну, прекрати, не отворачивайся! Мы ведь тебе не враги. Скоро я из-за границы специально для тебя большущий аквариум привезу. Резвись, сколько тебе вздумается, вот, погоди только!

Ничего не ответила золотая рыбка.

– Слово ты свое сдержала. Благодаря тебе в люди вышли. Было б другое время - другое дело. Время сейчас неустойчивое, что лезвие бритвы. Кому доверишься? В перспективе хотелось бы сесть на одну из ключевых позиций в области... Но, перед этим, планирую, достойно провести свой юбилей. О нем я сам позабочусь. Слава богу, не обижены. Ладненько, хозяйка, по-моему, тоже хочет поделиться своими секретами. Исполнишь, так и отпустим в родной твой Урал, а сами уж молиться за твоё счастье останемся.

Ничего не ответила золотая рыбка.

– Ойюшки, возомнила из себя! – всплила Камеш, потеряв терпение. – Раз попала в мои руки, покорись моей воле, будешь делать по моей указке.

– Тише, говорю. Ну, разве так можно?!



- Сөйтеді! Тұрысын көрдің бе? Теріс қарап құйрығын жыбырлатып. Жайықтың жағасына үш қабат коттедж әзірле. Алыстан айбар шашып суға емініп тұрсын. Ішін шетелдік жиһазға толтырасың. Ауласына жеміс ағашын өсіресің. Гүлмен көркемдейсің. Көрген дұшпанның іші күйіп, тұз жалап өлсін!

- Мұның дұрыс енді.

- Тап осыны істемей көр. Күн көзіне жылтыратып қақтап қояйын! Мені кім деп тұрсың, а?

Алтын балық жүзін ерлі-зайыптыға бұрып сәл тұрды да:

- Коттедждерің дайын, - деп салды...

Боранбек осы екі ортада мерейтойына білек сыбанып кірісіп кеткен. Алдымен бетінің ажары бар азаматтардың тізімі жасалды. Қадірін қашыра қоймаған шал-шауқандар да ұмыт қалмады. Облыстық драма театрында өтер салтанат пен той кеші түгелдей тәптештелді. Тартылар тарту-таралғылар, сый-сыбаға да сараланды.

- Бореке, халық театрға лық толған кезде жеңгем екеуіңізді шақырамыз. Қолтықтасып есіктен енесіздер. Ал, мектеп оқушылары қатар түзеп қос қабырға боп сіздерді күтіп тұрады, - деп аққаптал асаба мен бір топ жандайшаптар жағын сауған. – Аяқ астында өрттей қызыл кілем. Сіздер кербез басып жүріп келесіздер. Оқушылар иіліп кеп аяқ астына қызыл гүлді төсеумен болады. Әлі жүріп келесіздер.

- Әп, бәрекелді!

- Сол қалпы жасанып-жасанып тұрған сахнаға бір-ақ шығасыздар.

- Жаяу шығамыз ба? – деп екі араға Кәмеш киліккен. Елеңдеп отырған ел-жұрттың есін шығаратын бір жаңалық ойлап таппайсыңдар ма? Шілі жербауырлайсыңдар да отырасыңдар.

- Ендеше ағамыз сахнаға ақ тұлпар мініп шықсын.

– Можно! Смотри, кого из себя корчит! Отвернулась, хвостом только виляет. На берегу Урала трехэтажный коттедж возведи. Чтоб издалека смотрелся, как замок. И чтоб вода плескалась у стоп этого великолепия. Забей его импортной мебелью. Во дворе посади фруктовый сад. Укрась его цветочными клумбами. Пусть враги сгорят от зависти, желчью пусть своей подавятся!

- Правильно говоришь, жёнушка...

– И попробуй всё это не сделать. Высушу твои блестящие ребрышки на солнышке! Иначе, за кого ты меня держишь, а?

Повернулась золотая рыбка, грустно взглянула на супругов, немного помедлила и молвила:

– Коттедж ваш готов...

Между тем, Буранбек всецело увлекся подготовкой к собственному юбилею. Перво-наперво был составлен список близких и симпатичных ему людей. Не остались в забвении и старики, не потерявшие уважения и своего авторитета. Для торжеств и юбилейного вечера в областном театре драмы учтено было все. Предусмотрены подарки и почетная доля высоких гостей.

– Буреке, мы вас с супругой позовем в тот момент, когда зрительный зал будет заполнен под завязку. Вы войдете, взявшись под руку. Учащиеся школ выстроятся с двух сторон вдоль стен. – Говорил раскрученный тамада с толпой своих пособников. – Под ноги бросим вам ярко красную ковровую дорожку. Вы по ней грациозно пройдете. Учащиеся в реверансе и поклоне перед вами будут стелить цветы. Вы идете не останавливаясь.

– Хоп, отлично!

– И, таким образом, вы взойдете прямо на нарядно убранную сцену.

– Пешком выйдем, али как? – впуталась в разговор Камеш. Что-нибудь такое новенькое не можете придумать, чтоб сходу ошарашить ожидающую публику? Сроду вас не расшевелить.

– В таком случае, пусть наш босс появится на белом коне.



- Міне, табылған ақыл, міне, - деп Боранбектің көзі шырадай жанды. – Ері күліктен, екі қасы алтыннан болсын. Өмілдірік, құйысқанын асыл таспен әрлендер.

- Күп, көке!

- Қанттай қыламыз!

- Жеңгемді артыңызға мінгестіріп алыңыз.

- Өй, өңшең қайыршы, - деп мұны естіген Кәмеш көгеріп-сазарып талып қала жаздады. – Аттың құйрығында отыратын мені кім деп тұрсың, а? Аялап алдыңызға алып алыңыз десендер ауыздарың қисайып қала ма осы? Сендерге ерегескенде бар ғой, сахнаға шықпаймын. Тырп етпей залда отырам.

Бәрі ойдағыдай еді... Боранбек астына ақ тұлпарды мініп, күміс ердің алтын қасын жарқыратып өмілдірік, құйысқанын төгілдіріп сахнаға шыға келген. Зал толы халық өретүрегеліп дуылдап қол соққан кезде...

Үріккен ақ тұлпар азынап аспанға шапсысын. Мөңкіп кері секірсін. Алаңсыз отырған бостақым Боранбектің құйрығы ерден көтеріліп-көтеріліп кетіп, өзі әуелеп-әуелеп барып халықтың аяғының астына омақаса құлаған. Қайтып тұрмастай боп!

\* \* \*

Сол сәтте кәрі Жайық бетіне толқын көтеріп, арыстан жалданып алыстан айбар шашып суға емініп тұрған коттеждің іргесін қарш-қарш қаба жөнелген. Ал, аквариумдағы алтын балық асыр салып ұлы өзенге бір-ақ секіріпті деседі.



– Вот именно, хорошая идея! – согласился Буранбек и глаза его разгорелись будто угли. – Так, седло из серебра, а две луки его из золота надо изготовить. Нагрудник и подхвостник украсьте драгоценными камнями.

– Есть, батя!

– Всё будет в ажуре!

– Супругу вашу сзади пристройте.

– Што-о, побирушники! – возмутилась, шокированная Камеш, то бледнея, то зеленея от злости. – За кого ты меня принимаешь, чтоб сидеть на крупе коня, а? Сказать, - ласково и бережно посадите перед собой, - язык отсохнет, да? Если так, то на зло всем вам, возьму и не выйду на сцену. Буду сидеть в зале, и не вздумаю с места сдвинуться.

Всё шло как и было задумано... Буранбек на сцену выехал на белом коне, сверкая золотой лукой серебряного седла и завораживая всех струящимся блеском конского убранства. Когда битком набитый людьми зал разом встал и зарукоплексал в бурных овациях...

Белоснежный конь, испуганно заржав, встал на дыбы. Затем, взбрыкнув, отпрянул назад. Сидевший верхом, небрежно расслабив колени, Буранбек подскочил в седле раз-другой, подлетел потом вверх и грохнулся под ноги зрителей. Подняться больше не смог!

\* \* \*

В тот же час на старом Урале взбунтовались львиногровые волны, они понеслись с грохотом грызть и кромсать основание грозного великолепия, возведёного у самой воды. А золотая рыбка в аквариуме, говорят, разгулялась, и разом выпрыгнула в свою великую реку.

*Примечания:*

*Джаман – плохо, дурно, скверно.*

